

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 554 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1748. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 108 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 108 қаулысымен .*

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І** :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесін бекіту туралы" 1997 жылғы 30 маусымдағы N 246 қаулысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына жіберсін, филиалдарға осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күндік мерзімде бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына жіберуді міндеттесін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

*Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

2 0

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 554 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын (бұдан әрі - қысқа мерзімді ноттар) шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу тәртібін реттейді.

**1-тарау. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар**

1. Бастапқы агент - бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар көрсетілген ұстаушы ретінде клиенттердің есебін жүргізуге құқылы және қысқа мерзімді ноттармен операциялар жасау тәртібі туралы Ұлттық Банкпен шарт жасасқан бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы болып табылатын заңды тұлға.

2. Дисконттелген баға - көрсетілген құннан төмен баға.

3. Кесімді баға - өтінімдерді қанағаттандыру тоқтатылатын ең төменгі дисконттелген баға.

4. Орташа алғандағы дисконттелген баға - кесімді баға бойынша аукционда құралған қысқа мерзімді ноттардың жалпы көлеміне қарай орташа дисконттелген баға.

5. Аукцион - ең жоғары дисконттелген бағадан бастап және аукционның жарияланған талаптары шегінде кесімді бағамен аяқталатын (бағалардың көптігін қанағаттандыратын) Бастапқы агенттің өтінімдерінде көрсетілген дисконттелген баға бойынша тиісті эмиссияның қысқа мерзімді ноттарын о р н а л а с т ы р у .

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

6. Қосымша орналастыру - тиісті эмиссияның қысқа мерзімді ноттарының қосымша көлемін аукционда қалыптасқан орташа алғандағы дисконттелген баға б о й ы н ш а о р н а л а с т ы р у .

*Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

**2-тарау. Жалпы ережелер**

7. Қысқа мерзімді нот эмиссиялық мемлекеттік дисконттелген құжаттамасыз бағалы қағаз болып табылады. Оны Ұлттық Банк алдымен дисконттелген баға

бойынша орналастырады да көрсетілген құны бойынша өтейді.

*Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

8. Қысқа мерзімді ноттар Ұлттық Банктің ақша базасын реттеп отыруға арналған ақша-кредит саясатының құралы болып табылады.

9. Қысқа мерзімді ноттың көрсетілген құны 100 теңге болады.

10. Қысқа мерзімді ноттарды шығару, орналастыру шарттарын және айналыс мерзімін Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты мақсаттарына сәйкес белгілейді.

*Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

11. Қысқа мерзімді ноттардың әрбір эмиссиясының ұлттық бірегейлендіру номері болады. Оны бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган белгіленген тәртіппен белгілейді.

12. Қысқа мерзімді ноттар Бастапқы агенттер арқылы орналастырылады.

13. Қысқа мерзімді ноттармен операциялар жасау тәртібі туралы шартқа Ұлттық Банктің атынан мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті Ұлттық Банктің бөлімшесіне жетекшілік ететін Төрағаның орынбасары (бұдан әрі - уәкілетті бөлімше), Бастапқы агенттің атынан - Бірінші басшы немесе ол уәкілеттік берген адам қол қояды. Қысқа мерзімді ноттармен операциялар жасау тәртібі туралы үлгі шарттың нысаны осы Ереженің N 1 қосымшасында белгіленген.

14. Инвесторлар қысқа мерзімді ноттармен мәмілелерді тек Бастапқы агенттер арқылы, олармен мемлекеттік бағалы қағаздар рыногында қысқа мерзімді ноттармен мәмілелер жасауға шарт жасаса отырып жүзеге асырады.

15. Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттарды былайша орналастырады:

1) аукцион арқылы;

2) қосымша орналастыру арқылы;

3) өзі шығаратын қысқа мерзімді ноттарды Бастапқы агенттермен келісілген дисконттелген баға бойынша сату.

*Ескерту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

16. Ұлттық Банк өзі жүргізетін ақша-кредит саясатының бағыттарына және қаржы рыногының конъюнктурасына сәйкес аукционға қатысушылардың қысқа мерзімді ноттарды шығару талаптарында белгіленген көлемнен төмен немесе жоғары мөлшерде қысқа мерзімді ноттарды сатып алуға берген өтінімдерін қанағаттандыруға құқылы.

16-1. Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты міндеттерін орындауға көлемі мардымсыз және бағалар талабы қанағаттанғысыз болған жағдайда қысқа мерзімді ноттар орналастырылмады деп жариялауға құқылы.

Орналастырылмағаны жөніндегі хабарлама Төрағаның уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасарының өкімімен бекітіледі.

*Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

17. Ұлттық Банк Бастапқы агентпен (Бастапқы агенттермен) келісе отырып өзі шығаратын тиісті эмиссиядағы қысқа мерзімді ноттарды мерзімінен бұрын толық көлемде, сондай-ақ ішінара өтеуге (айналыстан алып тастауға) құқылы.

18. Қысқа мерзімді ноттарды шығаруға және операциялар жасауға салық салу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасымен реттеледі .

19. Өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша сыйақы ставкасы көрсетілген құн мен дисконттелген баға арасындағы айырманың қысқа мерзімді ноттардың дисконттелген бағаға қарым-қатынасын білдіреді, процентпен көрсетіледі де мына формула арқылы анықталады:

$$\frac{P_n - P_d}{P_d} * 365 = 100\%$$

Рд То

мұндағы:

Рн - көрсетілген құн

Рд - дисконттелген баға

То - айналыс кезеңі (күндерде)

*Ескерту: 19-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

### **3-тарау. Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру тәртібі**

20. Қысқа мерзімді ноттарды орналастыруға байланысты ақпарат Ұлттық Банк анықтайтын деректерді берудің электрондық жүйесі арқылы беріледі.

21. Деректерді берудің электрондық жүйесі бойынша берілетін электрондық хабар Ұлттық Банк пайдаланатын бағдарламалық-криптографиялық қорғау жүйесінің көмегімен шифрланады.

22. Техникалық себептерге байланысты деректерді берудің электрондық жүйесі арқылы хабар беру мүмкін болмаған жағдайда осы хабарды осы Ереженің 2, 4-қосымшаларындағы нысан бойынша қағазда беруге рұқсат етіледі.

23. Ұлттық Банк тиісті эмиссиядағы қысқа мерзімді ноттардың аукционын өткізерден бұрын 1 жұмыс күнінен кешіктірмей деректерді берудің электрондық жүйесі арқылы Бастапқы агенттерге және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Орталық депозитарий) аукцион өткізу шарттарын хабарлайды.

24. Бастапқы агенттер қысқа мерзімді ноттарды сатып алуға бәсекелес және бәсекелес емес ұсыныстары бар өтінімдер бере алады.

25. Берілген өтінімдегі бәсекелес ұсыныстарда қысқа мерзімді ноттардың саны, бір ноттың шамамен дисконттелген бағасы, көрсетілген құны және дисконттелген бағасы бойынша сатып алудың жалпы көлемі көрсетіледі.

26. Бәсекелес емес ұсыныстарда қатысушылар аукционда қалыптасқан орташа алғандағы дисконттелген баға бойынша сатып алуға дайын қысқа мерзімді ноттардың жалпы саны ғана көрсетіледі.

27. Қысқа мерзімді аукциондар өткізілетін күні сағат 9.00-ден сағат 11.00-ге дейін Бастапқы агенттер уәкілетті бөлімшеге қысқа мерзімді ноттарды бәсекелес және бәсекелес емес ұсыныстармен сатып алуға өтінім береді.

28. Уәкілетті бөлімше сағат 9.30-дан сағат 11.00-ге дейін қысқа мерзімді ноттарды сатып алуға берілген өтінімдерді осы Ереженің 3-қосымшасындағы нысан бойынша жинақ ведомосіне жинақтайды. Жинақ ведомосіне уәкілетті бөлімшенің басшысы қол қояды және уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасарға ұсынылады.

29. Ұлттық Банк бәсекелес емес өтінімдерді қанағаттандырудың үлесін, сондай-ақ Бастапқы агенттер мен резидент еместердің қысқа мерзімді ноттарды сату көлеміндегі үлестерін аукционның талаптары жарияланған кезде қаржы рыногының конъюнктурасына орай дербес анықтайды.

30. Ұлттық Банк аукцион өткізілетін күні қысқа мерзімді ноттар аукционының жарияланған талаптарын Бастапқы агенттердің немесе инвесторлардың қысқа мерзімді ноттарды сатып алуын шектеуді, резидент еместердің қатысуын және бәсекелес емес өтінімдерді қанағаттандыруды шұғыл өзгертуге құқылы.

31. Аукционды өткізген кезде бірінші кезекте аукционда қалыптасқан орташа алғандағы баға бойынша аукционның жарияланған талаптары шегінде бәсекелес емес өтінімдер, ал содан кейін бәсекелес өтінімдер қанағаттандырылады.

32. Ұлттық Банктің басшылығы (Ұлттық Банктің Төрағасы және/немесе жетекшілік ететін орынбасары) аукционға қабылданған өтінімдердің жинақ ведомосі негізінде сағат 11.00-ден сағат 12.00-ге дейін аукционда қысқа мерзімді ноттарды сатып алудың баға талаптары мен өтінімдерді қанағаттандыру көлемі туралы шешімді қабылдайды.

33. Ұлттық Банк баға талаптары және өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешімнің негізінде қысқа мерзімді ноттарды орналастырады және Бастапқы агенттерге осы Ереженің 4-қосымшасындағы нысан бойынша аукциондағы қанағаттандырылған өтінімдердің көлемі жөніндегі хабарламаны береді.

34. Қысқа мерзімді ноттарды қосымша орналастыру туралы шешім қабылданған жағдайда Уәкілетті бөлімше аукцион өткізілетін күні сағат 12.00-ге дейін Бастапқы агенттерге тиісті эмиссиядағы қысқа мерзімді ноттарды қосымша орналастыру талаптарын хабарлайды.

35. Қысқа мерзімді ноттарды қосымша орналастыруға арналған өтінімдер қосымша орналастыру талаптарында көрсетілген уақыт басталғанға дейін қабылданады.

36. Түскен өтінімдер уәкілетті бөлімшенің басшысы қол қоятын қосымша орналастырудың жинақ ведомосіне жинақталады және осы Ереженің 5-қосымшасындағы нысан бойынша уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасарға ұсынылады.

37. Қосымша орналастырудың жиынтық ведомосі негізінде Ұлттық Банктің басшылығы (Ұлттық Банк Төрағасы және/немесе уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары) қысқа мерзімді ноттарды қосымша орналастырудың қабылданған өтінімдердің көлемін қанағаттандыру жөніндегі шешімді қабылдайды. Уәкілетті бөлімше өтінімдердің көлемін қанағаттандыру жөніндегі шешім негізінде қысқа мерзімді ноттарды қосымша орналастырады. Қосымша орналастырған кезде өтінімдерді қанағаттандыру кезінде олардың Ұлттық Банкке нақты түскен уақытына басымдық беріледі.

*Ескерту: 37-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

38. Уәкілетті бөлімше қосымша орналастыруды аяқтағаннан кейін Бастапқы агенттерге осы Ереженің 4-қосымшасындағы нысан бойынша қысқа мерзімді ноттарды сатып алу өтінімдерінің көлемін қанағаттандыру жөнінде хабарламаны береді.

39. Аукцион және қосымша орналастыруды ескере отырып тиісті эмиссиядағы қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін Төраға орынбасарының өкімімен бекітіледі.

*Ескерту: 39-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

40. Ұлттық Банк тиісті эмиссиядағы қысқа мерзімді ноттарды орналастыру толығымен аяқталғаннан кейін Орталық депозитарийге Бастапқы агенттердің өтінімдерінің қанағаттандырылған көлемі жөніндегі хабарламаны жібереді.

41. Ұлттық Банк Бастапқы агентпен алдын ала келісілген баға бойынша өзі шығарған қысқа мерзімді ноттарды сатқан кезде ноттарды сату көлемі, оларға ақы төлеу және өтеу Ұлттық Банк белгілеген талаптарға сәйкес және аукцион өткізу арқылы орналастыру үшін осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады .

*Ескерту: 41-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

#### **4-тарау. Қысқа мерзімді ноттарға ақы төлеу тәртібі**

42. Уәкілетті бөлімше және Бастапқы агенттер қысқа мерзімді ноттарды сатып алуға берілген өтінімдердің қанағаттандырылған көлемі жөніндегі

хабарлама негізінде оларды шығару талаптарымен Ұлттық Банк белгілеген төлеу күні сағат 17.00-ден кешіктірмей "Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына" сәйкес "депо" есепшоттары бойынша (бұдан әрі - бұйрық) ақшаны есептен шығаруға және қысқа мерзімді ноттарды есепке алуға Орталық депозитарийге "депо" тапсырмасын береді.

*Ескерту: 42-тармақтағы және бұдан ары бүкіл мәтін бойынша "депо" тапсырмасы", "депо" тапсырмасын", "депо" тапсырмаларының" деген сөздер " бұйрық", "бұйрықты", "бұйрықтардың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

43. Орталық депозитарийде сол күні Ұлттық Банктен және Бастапқы агенттерден бұйрықтарының түсуіне қарай олар салыстырылады және салыстыру нәтижелері бойынша банкаралық ақша аудару жүйесінде Бастапқы агенттің позициясынан (бұдан әрі - Бастапқы агенттің позициясы) ақшаны есептен шығаруға және банкаралық ақша аудару жүйесінде Орталық депозитарийдің позициясына (бұдан әрі - Орталық депозитарийдің позициясы) есепке алуға төлем тапсырмасын рәсімдеп, оны "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізуге құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнына береді.

44. Ұлттық Банк және Бастапқы агенттер Орталық депозитарийге берген бұйрықтары сәйкес келмеген жағдайда Орталық депозитарий бұйрықтардың тек сәйкес келген тармақтары бойынша Бастапқы агенттің позициясынан ақшаны есептен шығаруға және оларды Орталық депозитарийдің позициясына есепке алуға төлем тапсырмасын Орталыққа береді.

*Ескерту: 44-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

45. Орталық Бастапқы агенттің позициясындағы қолма қол ақшаны төлем тапсырмасында көрсетілген ақша сомасымен салыстырады. Бастапқы агенттің позициясында ақша жеткілікті болған кезде Орталық Бастапқы агенттің позициясынан Орталық депозитарийдің позициясына ақша аударды. Орталық депозитарийде оның позициясына ақша есепке алынғаннан кейін он бес минут ішінде банкаралық ақша аудару жүйесінде Ұлттық Банктің позициясына ақшаны аудару жөнінде төлем тапсырмасы рәсімделіп, ол Орталыққа жіберіледі.

46. Бастапқы агенттің позициясында ақша жеткіліксіз болған кезде Орталық депозитарий Орталықтан ақшаның жеткіліксіздігі туралы алған хабарлама негізінде бұйрықты орындамағандығы туралы хабарламаны Ұлттық Банкке және Бастапқы агентке жібереді.

*Ескерту: 46-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

47. Орталық депозитарий Орталықтан алынған Бастапқы агенттің позициясынан ақшаны шығару туралы хабарлама негізінде Бастапқы агенттің "депо" есепшотына қысқа мерзімді ноттарды есепке алады.

48. Орталық депозитарий Бастапқы агенттің "депо" есепшотына қысқа мерзімді ноттарды есепке алғаннан кейін Ұлттық Банкке және Бастапқы агентке бұйрықтарының орындалғандығы жөнінде хабарлама жібереді.

49. Ұлттық Банк және Бастапқы агент бұйрығының орындалмағаны туралы хабарламаны алған жағдайда Ұлттық Банк және Бастапқы агент бұйрығының орындалмағанына әкеліп соқтырған себептердің жойылғанына алдын ала көздері жеткеннен кейін Орталық депозитарийге бұйрығын қайтадан жіберуге құқылы.

50. Орталық депозитарийден бұйрығының орындалғаны жөнінде хабарламаны алғаннан кейін, егер инвестордың Бастапқы агентпен шартында басқаша көзделмеген болса, Бастапқы агенттер инвесторға қысқа мерзімді ноттарға оның меншік құқығын куәландыратын куәлік қағазын береді.

#### **5-тарау. Қысқа мерзімді ноттардың айналымы**

51. Қысқа мерзімді ноттардың айналымы Ұлттық Банк белгілеген Бастапқы агенттер сатып алынған қысқа мерзімді ноттар үшін төлеуге арналған күннен б а с т а л а д ы .

*Ескерту: 51-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

52. Өтелуге жататын қысқа мерзімді ноттардың айналысы өтеу күніне дейін немесе мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін бір жұмыс күні бұрын аяқталады.

*Ескерту: 52-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

53. Қысқа мерзімді ноттардың және олар бойынша құқықтардың, сондай-ақ олармен жасалатын мәмілелерге техникалық қызмет көрсетудің есебі Орталық депозитарийде "депо" есепшоттары бойынша - Бастапқы агенттер бойынша және бірінші санаттардағы брокерлік және дилерлік қызметті жүргізуге лицензиясы бар Бастапқы агенттерде ашылған "депо" есепшоттарында - олардың инвесторлары бойынша жүргізіледі.

54. Қысқа мерзімді ноттардың иелері оларды кепілге беруге, РЕПО және кері РЕПО операцияларын жүргізуге, қайталама рынокта сатуға және сатып алуға құқылы. Қайталама рынокта қысқа мерзімді ноттармен мәмілелер жасау көрсетілген өтеу немесе мерзімінен бұрын өтеу күнінен бір жұмыс күні бұрын т о қ т а т ы л а д ы .

*Ескерту: 54-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

55. Қысқа мерзімді ноттармен операциялар жасау: кепіл, РЕПО және кері РЕПО операциялары, сатып алу және сату, сондай-ақ қысқа мерзімді ноттармен



басқа да операциялар биржалық және биржадан тыс қайталама рыноктарда мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

#### **6-тарау. Қысқа мерзімді ноттарды өтеу тәртібі**

56. Қысқа мерзімді ноттарды өтеу алдындағы жұмыс күні сағат 17.00-ден кешіктірмей Бастапқы агенттер өздеріне өтеуге жататын тиесілі қысқа мерзімді ноттар жөнінде мәліметтерді және өзінің банктік деректемелерін Орталық депозитарийге береді.

57. Қысқа мерзімді ноттарды өтеу алдындағы жұмыс күні сағат 17.00-ден кешіктірмей Орталық депозитарий уәкілетті бөлімшеге эмиссиядағы қысқа мерзімді ноттардың санын көрсете отырып қысқа мерзімді ноттардың тиісті эмиссиясының өтелетіні туралы, тиісті эмиссияны өтеу кезінде төленуге жататын сома туралы және өзінің банктік деректемелері туралы мәліметтер береді.

58. Қысқа мерзімді ноттарды өтейтін күні Ұлттық Банк сағат 11.00-ге дейін алдағы өтеу туралы мәліметтерге сәйкес Орталық депозитарийдің позициясына ақша аударады.

59. Орталық депозитарий бастапқы агенттердің позициясына қысқа мерзімді ноттарды өтеуге ақшаны өтеу күні сағат 12.00-ге дейін олардың көрсетілген құны бойынша аударады.

60. Қысқа мерзімді ноттарды өтеуге ақша аударылғаннан кейін Орталық депозитарий Бастапқы агенттердің "депо" есепшоттарынан қысқа мерзімді ноттарды есептен шығарады (өтейді).

61. Қысқа мерзімді ноттарды өтегеннен кейін Орталық депозитарий сол күні Ұлттық Банкке өтелгені туралы хабарлама жібереді.

#### **7-тарау. Қысқа мерзімді ноттарды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі**

62. Ұлттық Банк қаржы рыногына жедел әсер ету мақсатында Бастапқы агентпен мерзімінен бұрын өтеу күнін, санын, бағасын алдын ала келісе отырып қысқа мерзімді ноттарды мерзімінен бұрын өтеуге (айналыстан алып тастауға) құқылы.

63. Қысқа мерзімді ноттарды мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі шешім өкіммен ресімделеді және оған уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін Төрағаның орынбасары қол қояды.

64. Уәкілетті бөлімше және Бастапқы агенттер қысқа мерзімді ноттарды мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі шешім негізінде Орталық депозитарийге бұйрығын береді.

65. Орталық депозитарий сол күні бұйрықтарының келіп түсуіне қарай Бастапқы агенттердің және оның клиенттерінің "депо" есепшоттарында қысқа

мерзімді ноттардың саны жеткілікті болуын тексереді және оларға есеп айырысу аяқталғанға дейін қысқа мерзімді ноттарды тоқтата тұрады.

66. Орталық депозитарий салыстыру нәтижелері бойынша Ұлттық Банкке Бастапқы агенттердің "депо" есепшоттарында мерзімнен бұрын өтеуге жататын қысқа мерзімді ноттардың болуы жөніндегі мәліметтерді жібереді.

67. Ұлттық Банк өтеуге жататын қысқа мерзімді ноттардың болуы жөніндегі мәліметтер негізінде Орталық депозитарийдің позициясына ақша аударады.

68. Орталық депозитарий ақшаны алғаннан кейін Орталық депозитарийдің позициясынан ақшаны есептен шығарудың және оларды қысқа мерзімді ноттарды өтеу есебіне Бастапқы агенттердің позициясына есепке алудың төлем тапсырмасын рәсімдеп, оны Орталыққа жібереді.

69. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасы негізінде ақшаны Орталық депозитарийдің позициясынан Бастапқы агенттер позициясына есептен шығара отырып Орталық депозитарийге аударым жүргізілгені туралы хабарлама жібереді.

70. Орталықтың ақшаның аударылғаны жөніндегі хабарламасы негізінде Орталық депозитарий Бастапқы агенттердің "депо" есепшоттарынан қысқа мерзімді ноттарды есептен шығарады (өтейді).

71. Орталық депозитарий мен Ұлттық Банктің, сондай-ақ Бастапқы агенттердің бұйрықтарды орындау және ақша аудару жөніндегі өзара қарым-қатынастары тиісті шарттармен реттеледі.

*Ескерту: 71-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ұ л т т ы қ                      Б а н к і                      Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
2 0 0 1                      ж ы л ғ ы                      2 0                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N                      5 5 4                      қ а у л ы с ы м е н                      б е к і т і л г е н

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ                      Б а н к і н і ң                      қ ы с қ а                      м е р з і м д і  
н о т т а р ы н                      ш ы ғ а р у ,                      о р н а л а с т ы р у ,  
а ы н а л ы с қ а                      ш ы ғ а р у                      ж ә н е                      ө т е у  
е р е ж е с і н е

N 1 қосымша

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы                      Ұ л т т ы қ                      Б а н к і н і ң                      қ ы с қ а                      м е р з і м д і  
н о т т а р ы м е н                      о п е р а ц и я                      ж а с а у                      т ә р т і б і                      т у р а л ы

**ҮЛГІ ШАРТ**

Алматы қаласы

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_ ж.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бұдан әрі - "Ұлттық Банк" деп аталады, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ арқылы, бір жағынан және \_\_\_\_\_, бұдан әрі - "Бастапқы Агент" деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_ арқылы екінші жағынан, мына төмендегілер жайында осы Шартты жасады:

## **1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1.1. Ұлттық Банк Бастапқы Агентке Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N\_\_\_ қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесіне" (бұдан әрі - Ереже) және осы Шарттың талаптарына сәйкес Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен (бұдан әрі - қысқа мерзімді ноттар) операциялар жасауға өкілеттік береді.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

### **2.1. Ұлттық Банк:**

2.1.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда, Бастапқы агенттің қысқа мерзімді ноттарын орналастырған кезде оның әрекетін бақылау барысында алған ақпарат жөнінде мәліметті жарияламауға;

2.1.2. Бастапқы агентті Ережедегі барлық өзгерістер мен толықтырулар жөнінде бұл өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде хабардар етуге;

2.1.3. Бастапқы агентпен осы Шартты бұзған жағдайда, оны бұзардан отыз күн бұрын бұл жөнінде Бастапқы агентті, сондай-ақ осы Бастапқы агенттің барлық инвесторларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етуге;

2.1.4. Қысқа мерзімді ноттар Ережеге сәйкес өтелсін.

*Ескерту: 2.1.4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

### **2.2. Ұлттық Банк:**

2.2.1. Бастапқы агенттің қызметін бақылау мақсатында қысқа мерзімді ноттар рыногында операциялар жүргізетін Бастапқы агенттің кез келген операциялары жөнінде қажетті ақпаратты сұрауға;

2.2.2. Қолданылып жүрген Ереже бұзылған жағдайда, сондай-ақ осы Шарттың 2.4.3. тармағы сақталмаған жағдайда немесе Бастапқы агент сатып алынған қысқа мерзімді ноттардың ақысын төлеуде ақша аударудан ішінара бас тартқанда Бастапқы агентті 5 рет қатарынан қысқа мерзімді ноттар аукционынан біржақты тәртіппен шеттетуге;

*Ескерту: 2.2.2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

2.2.3. Бастапқы агент немесе оның инвесторы қысқа мерзімді ноттардың төлеміне ақша аударудан толығымен бас тартқанда немесе ішінара бас тартуды қайталаған жағдайда, сондай-ақ оның іс-әрекетінен Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу байқалған жағдайда, Бастапқы агенттің бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті бөлімшенің брокерлік және дилерлік қызмет жүргізуге берген лицензиясын қайтарып алып, Бастапқы агентпен бір күнтізбелік жыл бойы қысқа мерзімді ноттарды орналастыру туралы шартқа қол қою құқығынсыз осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

2.3. Ұлттық Банктің өзгерістер мен толықтырулардың енгізілгені жөнінде хабардар етпеуі салдарынан Бастапқы агенттің Ереженің қағидаларын бұзуы Ұлттық Банктің Бастапқы агенттің қысқа мерзімді ноттар орналастыруға қатысу жөніндегі құқығын шектеуіне негіз болып табылмайды.

*Ескерту: 2.3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

#### 2.4. Б а с т а п қ ы а г е н т :

2.4.1. Осы Шарттың талаптарын сақтауға, Ережеге және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес қысқа мерзімді ноттармен мәмілелер жасауға;

2.4.2. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына қызмет көрсетуге "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" жабық акционерлік қоғамымен Шарт жасауға ;

2.4.3. Бастапқы агенттің қызметін орындау кезеңінде қысқа мерзімді ноттар аукциондарына қатарынан үш аукционды жібермей қатысуына;

2.4.4. Бастапқы рынокта аукционның баға талаптарына, сондай-ақ қайталама рыноктағы қысқа мерзімді ноттардың рыноктық бағасына әсер ету мақсатында бағалы қағаздар рыногының басқа қатысушыларымен жазбаша немесе ауызша у а ғ д а л а с т ы қ т а р ж а с а м а у ғ а ;

2.4.5. Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесіне орналастыруға қатысуға өтінімдерге қол қоюға уәкілетті тұлғалар өтінімдерді қағазға жазып берген жағдайда олардың қол қою үлгілерін б е р у г е ;

*Ескерту: 2.4.5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

2.4.6. Ережеге сәйкес сатып алынған қысқа мерзімді ноттардың ақысын төлеуге тиісті ақы төлеу күні сағат 17.00-ден кешіктірмей ақшаның түсуін қамтамасыз етсін. Сатып алынған қысқа мерзімді ноттардың ақысын төлеуге ақша сағат 17.00-ден кейін түскен жағдайда ақша түсуінің кешігуі ақша бір күнге

кешіктіріліп түсті деп қаралады;

*Ескерту: 2.4.6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

2.4.7. Осы Шарт бұзылған жағдайда Бастапқы агент өз инвесторларын олар таңдап алған басқа Бастапқы агентке қызмет көрсетуге ауыстыруға міндетті.

2.5. Бастапқы агент:

2.5.1. Ұлттық Банкке кемінде бір ай бұрын жазбаша хабарлап, осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

3.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындамағаны немесе ойдағыдай орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауап береді.

3.2. Бастапқы агенттен және/немесе оның инвесторынан сатып алынған қысқа мерзімді ноттардың төлемі уақтылы түспегені үшін, Бастапқы агенттен кешеуілдетілген әрбір күн үшін төлемнің барлық сомасының 2% мөлшерінде өсімпұл өндіріледі.

*Ескерту: 3.2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

### **4. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ**

4.1. Дүлей күштің, атап айтқанда: табиғат апаты, жол апаты, өрт, электр қуатының сөніп қалуы, байланыс желілерінің бүлінуі, жаппай тәртіпсіздік, ереуілдер, әскери іс-қимылдардың туындауы, Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама тыйым салатын заң актілері, үкімет қаулылары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өкімдері, сондай-ақ шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарының заңнамалары және басқа актілері Шарт бойынша өз қызметін жүзеге асыруына кедергі келтіретін болса және Тараптардың еркінен тыс басқа жағдайлардың әсерінен туындаған жағдайда, егер зардап шеккен Тарап мұндай жағдайлар басталған сәттен бастап 10 күннен кешіктірмей және байланыс болған кезде орын алған жағдай туралы басқа Тарапқа хабарласа, сондай-ақ төтенше жағдайлардың зардаптарын тезірек жою үшін барлық шараларды қолданатын болса, олар өздеріне қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Төтенше жағдайларға байланысты зиян шеккен Тарап дүлей күштің әсеріне ұшыраған Тараптан болған оқиғалары жөнінде дәлелдер, сондай-ақ шеккен зиян көлемін есептеуге байланысты кез келген құжаттарды талап ете алады.

### **5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

5.1. Осы Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды сот тәртібінен тыс реттеу үшін қажетті

шаралардың бәрін қабылдауға міндеттенеді.

5.2. Өзара келісімге келе алмаған кезде барлық реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес сотта қаралады.

5.3. Осы Шартта реттелмеген басқа барлық міндеттерді шешуде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## **6. ШАРТТЫҚ ҚОЛДАНЬЛУ МЕРЗІМІ**

6.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және бір күнтізбелік жыл бойы қолданылады.

6.2. Егер Тараптардың бірі осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір күнтізбелік ай бұрын басқа тарапты өзінің осы Шартты бұзу ниеті туралы жазбаша хабарламаса, онда ол бір күнтізбелік жылға ұзартылды деп е с е п т е л е д і .

6.3. Тараптар бұл жөнінде кем дегенде бір ай бұрын басқа Тарапты жазбаша хабардар ете отырып осы Шартты кез келген уақытта бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

## **7. БАСҚА ТАЛАПТАР**

7.1. Осы Шарт төрт дана етіп жасалды: Тараптардың әрқайсысы үшін екі данадан, екеуі мемлекеттік тілде және екеуі орыс тілінде, әрқайсысының заң күші б і р д е й .

7.2. Тараптар осы Шартты орындау кезінде Ережені басшылыққа алады.

7.3. Тараптар өзара келісе отырып осы Шартқа кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Шартқа енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар жазбаша түрде ресімделуі және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

## **8. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

<i>Ұлттық Банк</i>	<i>Бастапқы агент</i>
Қазақстан Республикасының Басқармасының	Ұлттық Банкі
2001 жылғы	20 желтоқсандағы
N 554 қаулысымен	бекітілген
Қазақстан Республикасы	Ұлттық Банкінің
қысқа мерзімді	ноттарын шығару,
орналастыру,	айналысқа шығару және өтеу
ережесіне	
N 2 қосымша	

*Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

-----  
ж і б е р і л г е н н о м е р і  
" " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

200 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_ шығарылым бойынша \_\_\_\_\_  
(орналастыру түрі (аукцион, қосымша орналастыру) көрсетіледі)  
**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді  
ноттарын сатып алуға**  
**Өтінім**

Бастапқы агент ретінде әрекет ететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы N \_\_\_\_\_

(ресми атауы және оның "депо" шоты)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шот N \_\_\_\_\_, БИК \_\_\_\_\_ күн айналыс мерзімімен және \_\_\_\_\_ күн өтеу мерзімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын мынадай баға талаптарымен сатып алуға әзірлігін білдіреді:

-----  
Тармақ!Қысқа !Бастапқы!Бір !Номиналдық !Бір ноттың !Дисконт.  
тың но.!мер !агенттің!ноттың !күн бойынша!дисконттел.!телген  
мері N !зімді !"депо" !номи. !сатып алу !ген бағасы !баға  
!нот. !шоты !налдық !көлемі ! !бойынша  
!тардың! !құны ! ! !сатып алу  
!саны ! ! ! !көлемі  
!(дана)! !(теңге)! (теңге) ! (теңге) !(теңге)

-----  
бәсекелес ұсыныстар

Жиынтығы:

бәсекелес емес ұсыныстар

Ж и ы н т ы ғ ы :

-----  
Басшы: \_\_\_\_\_ аты-жөні  
Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ аты-жөні  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 20 желтоқсандағы  
N 554 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді  
ноттарын шығару, орналастыру,  
айналысқа шығару және өтеу  
е р е ж е с і н е  
N 3 қосымша

*Ескерту: Қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өтеу күні - \_\_\_\_\_ күн болатын N \_\_\_\_\_ эмиссия бойынша қысқа мерзімді ноттарын сатып алуға түскен өтінімдердің

### **АУКЦИОННЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСІ**

Аукционның талаптары былайша белгіленген: Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатудың белгіленген көлемі \_\_\_\_\_ млн. \_\_\_\_\_ теңге

Бір қатысушының өтінімдерін қанағаттандыруға шектеу проценті \_\_\_\_\_ %

Жарияланған көлемнің бәсекелес емес ұсыныстарын қанағаттандыру проценті \_\_\_\_\_ %

Қазақстан Республикасының резидент емес инвесторларының қатысу проценті \_\_\_\_\_ %

Резидент еместер үшін жарияланған көлемінің бәсекелес емес ұсыныстарын қанағаттандыру проценті \_\_\_\_\_ %

Өтінімде көрсетілген	Өтінімде берілген	Осы дисконт бойынша	Резиденттердің қысқа мерзімді ноттарды сатып алу көлемі	Резидент еместердің қысқа мерзімді ноттарды сатып алу көлемі
_____ баға	_____ баға	_____ баға	_____ баға	_____ баға
_____ саны	_____ саны	_____ саны	_____ саны	_____ саны
_____ мерзімді	_____ мерзімді	_____ мерзімді	_____ мерзімді	_____ мерзімді
_____ қанағаттандыру	_____ қанағаттандыру	_____ қанағаттандыру	_____ қанағаттандыру	_____ қанағаттандыру
_____ кезінде	_____ кезінде	_____ кезінде	_____ кезінде	_____ кезінде
_____ түскен	_____ түскен	_____ түскен	_____ түскен	_____ түскен
_____ сома	_____ сома	_____ сома	_____ сома	_____ сома

**Ж И Ы Н Т Ы Ғ Ы**

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Өспелі жиынтығы

!Аукционда

! Орташа

!



Аукцион бойынша ақша	!қалыптасқан	!	алғандағы	!
түсімінің көлемі	!орташа	!	дисконттелген!	
_____	!алғандағы	!	баға бойынша	!
Көрсетілген	Көрсетілген	!	дисконттелген!	сыйақының
шектеулер	шектеулер	!	баға	!
ескеріле	ескерілмей	!	!	жылдық
о т ы р ы п	!	!	!	ставкасы, %
_____	!	!	!	!
дана теңге	дана теңге	!	!	!

Қабылданған өтінімдердің Бәсекелес емес БҚ-дың  
1 қысқа мерзімді нотына барлық саны \_\_\_\_\_дана  
орташа дисконттелген баға:  
\_\_\_\_\_ болды.

МБҚ-мен операциялар жасауға Күні \_\_\_\_\_  
уәкілетті бөлімшенің

басшысы \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Қысқа мерзімді ноттарды  
орналастыру мына баға

талаптарымен жүргізілсін:

Кесімді бағасы \_\_\_\_\_ (теңге)

Орташа алғандағы баға \_\_\_\_ (теңге) Шектеу \_\_\_\_ Көлемі \_\_\_\_ (теңге)

Қысқа мерзімді ноттарды қосымша  
орналастыру мынадай талаптармен

жариялансын:

Орташа алғандағы баға \_\_\_\_ (теңге)

Қосымша орналастыру көлемі \_\_\_\_ (теңге)

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 554 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді  
ноттарын шығару, орналастыру,

айналысқа шығару және өтеу  
ережесіне

№ 4 қосымша

*Ескерту: Қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы  
10 сәуірдегі № 109 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Бастапқы агентке  
Ұлттық Банкі (толық атауы, оның тіркеу коды)  
Бірінші басшы  
(лауазымы, аты-жөні)  
мекен-жайы

-----  
N \_\_\_\_\_

### **ХАБАРЛАМА**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Сіздің қысқа мерзімді  
ноттарды сатып алуға берген өтініміңіз 200\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
N \_\_ эмиссия бойынша \_\_\_\_\_ теңгеге қанағаттандырылғанын хабарлайды.  
Орташа алғанда дисконттелген аукцион бағасы бір қысқа мерзімді нот  
үшін \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ болды.

Өтінімнің ! Бастапқы !Қысқа мерзімді!Бір қысқа мерзімді!Сатып алудың  
тармағы ! агенттің !ноттардың саны!нот үшін дисконт. !қанағаттан.  
N ! депо ! (данасы) ! телген баға !дырылған  
! шоты ! ! (теңге) !көлемі  
! ! ! ! (теңге)

Ж И Ы Н Т Ы Ғ Ы :

М Б Қ - мен операция  
ж а с а у ғ а у ә к і л е т т і  
бөлімшенің басшысы  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 20 желтоқсандағы  
N 554 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді  
ноттарын шығару, орналастыру,  
айналысқа шығару және өтеу

е р е ж е с і н е

№ 5 қосымша

*Ескерту: Қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі № 109 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қосымша орналастыру әдісі бойынша өтеу күні - \_\_\_\_\_ күн болатын № \_\_\_\_\_ эмиссия бойынша қысқа мерзімді ноттарын сатып алуға түскен өтінімдердің

**ҚОСЫМША ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСІ**

Қосымша орналастыру талаптары былайша белгіленген:

Осы эмиссияның аукционда қалыптасқан орташа алғандағы дисконттелген бағасы \_\_\_\_\_ теңге

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын қосымша орналастырудың белгіленген көлемі \_\_\_\_\_ млн. теңге

Бір қатысушының өтінімдерін қанағаттандыруға шектеу проценті \_\_\_\_\_ %

Қазақстан Республикасының резидент емес инвесторларының өтінімдерін қанағаттандыруды шектеу проценті \_\_\_\_\_ %

Өтінім.!	Орташа	Өтінім.!	Резиденттердің	Резидент еместердің
нің	алғандағы	дердің	МБҚ-ды қосымша	МБҚ-ды қосымша
реттік	дисконт.	саны	орналастыру көлемі	орналастыру көлемі
номері	телген	!	_____!	_____!
!	баға	!	Қысқа	Қысқа
!	бойынша	!	Қосымша	Өтінім.
!	сыйақының	!	орналас.	мерзімді
!	жылдық	!	мерзімді	дерді
!	ставкасы,	!	тыру	ноттардың
!	%	!	ноттардың	қанағат.
!	!	!	қанардың	көлемі,
!	!	!	көлемі,	саны,
!	!	!	теңге	тандыру
!	!	!	дан	кезінде
!	!	!	дан	түскен
!	!	!	!	с о м а

Ж И Ы Н Т Ы Ғ Ы

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Ө с п е л і ж и ы н т ы ғ ы !

Қосымша орналастыру көлемі !

Көрсетілген ! Көрсетілген !  
шектеулер ! шектеулер !  
ескерілген ! ескерілмеген !

----- ! ----- !  
дана ! теңге ! дана ! теңге !  
----- !  
-----  
-----

Қысқа мерзімді ноттарды қосымша орналастыру  
\_\_\_\_\_ (теңге) көлемінде жүргізілсін  
Уәкілетті бөлімшенің басшысы \_\_\_\_\_ (аты-жөні) Күні \_\_\_\_\_